


Қазығұрт ауданы, Жаңабазар ауыл округі

«Балдырған»

бөбекжай – балабақшасы

«Ана өмірдің гүлі»



Тәрбиеші: Имадуллаева А.

2021

« Ана өмірдің гүлі »

Жүргізуші: Құрметті аналар, әжелер! 8 наурыз аналар мерекесіне арналған.

«Ана өмірдің гүлі» атты ертеңгілікке жиналып отырмыз.

«Күншұақ» тобының балаларымен өткізілетін мерекемізге қош келіңіздер.

Ана десем, алғыс алам халқымнан.

Ана десем, теңіз болам шалқыған.

Ана десем, ашылады қабағым.

Ана десем, әділдікті ұғамын.

- Ардақты аналар, мерекелеріңіз құтты болсын! Отбасыларыңызға құт береке, бірлік, дендеріңізге саулық тілейміз.

Ән хор: «Ақ мамам»

Ортаға балаларымыздың мерекелік тақпақтарын арнаймыз.

Гүлназ:

Құтты болсын, ардақты анам.

Асыл анам, мерекеңіз.

Құтты болсын теңдік алған,

Қуанышты мерекең.

Ернар:

Аналарды сүйеміз.

Сөзін ойға түйеміз.

Әжені де ардақтап

Әдеппен бас иеміз.

Көркем:

Той пердесін ашайық

Ән шашуын шашайық

Аналарды құрметтеп

Ән маржанын шашайық.

Ернұр:

Менің әжем ақ әжем

Айтқан сөзі дәл әжем

Аман болса көреді

Қызығымды әлі әжем.

Жүргізуші: Балалар, бір жақсы әуен естілетін сияқты кім келе жатыр екен?
Осы кезде музыкамен көктем ханшасы келеді.

Көктем ханшасы: Сәлеметсіңдер ме балалар, ата-аналар! Сіздердің көктем мерекесін тойлап жатқандарыңызды естіп, сонау алыстан келе жатырмын. Барлығыңызды көктем мерекесімен құттықтаймын.

Жүргізуші: Көктем ханшасы біздің балаларымыз сізге арнап тақпақтар, әндер жаттады, балаларымыздың өнерін тамашалаңыз.

Би: «Таңғы жаңбыр»

Ернар, Жанерке
Ханшайым, Қамқор
Нұрым, Көркем
Ернұр, Аяла
Гүлназ, Ерхан
Айбиге, Дарын
Сауран, Зере.

Жанерке:

Анам менің ақ анам
Менсіз таңы атпаған
Менсіз күні батпаған
Мені ұйықтатпай жатпаған.

Ә. Аяла:

Анашым анам
Ризамын саған
Тіліңді алам
Ақылды болам.

Фариза:

Әжем менің әлі де
Ұқсамайды кәріге
Шай қайнатып береді
Қажет болса бәріңе.

Ханшайым:

Еркелесем күнім дейтін,
Ұрысқаны білінбеитін,
Маңдайымнан иіскеп менін
Құлыншағым күнім дейтін.

Жүргізуші: Үйреткен сөз мәнін

Тіліміз біз әже
Жарқырайды әрдайым
Күніміз сіз, әже – деп « Әжелер әзіл әні»

Хор: Келіннен қорқып саспайық,

Келіндер, өсек бастайық.
Немеренің әр түрлі,
Қылығын айтып тастайық.
Ой-бай, белім -ай
Қайда кетті келін-ай.

Немерем менің блатной,
Күндіз тыным таппайды,
Видик көру керек «- деп,
«Кешкі ұйқыға жатпайды.

1

Хор: Ой-бай сұмдық -ай
Ұят екен масқара-ай!

Немерем менің кір-кір боп,
Үйдің бетін көрмейді
«Киндер» сатып әпер деп,
Еш тыныштық бермейді.

Хор: Ой-бай сұмдық -ай.
Ұят екен масқара-ай!

Немерем менің теңгеге,
Үйір болып алыпты.
Жүз теңгені сағызға
Аямай бере салыпты.

Хор: Ой бай сұмдық -ай,
Ұят екен масқара-ай!

Немерем менің ән салса,
Махаббат деп айтады
Қызың барма деп едім,
«Жоқ»-деп басын шайқайды.

Хор: Келіндер келіп қапты ғой,
Бізде үйге кетейік
Немере шіркін татті ғой
Барына шүкір етейі

Айару:

Баланың да тірегі,
Дананың да тірегі.
Ауырмасын ешқашан
Анамыздың жүрегі.

Айбиге:

Ана-біздің күніміз,
Ананың біз гүліміз
Ұландарды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз.

Жансезім:

Үн қатасың бал тілмен,
Еркелеймін әр кін мен
Құттықтаймын ,анашым
Сегізінші наурыз бен.

Диас:

Өмірдің қызығы
Өзіңсіз өтпейді
Мен үшін анама
Ешкім де жетпейді.

Би: «Неваляшка»

Фариза	Айару
Гүлназ	Ханшайым
Жанерке	Жансезім
Аяла	Көркем

Дарын:

Тіс ауырса іш ауырса
Анам дәрі береді
Барлық ана, барлық бала
Оны жақсы көреді.

Сабина:

Анашымды сағынам,
Оған ешкім жетпейді
Анасының жанынан
Бөбегіде кетпейді.

Мирас:

Ақ анашым, аппағым
Өзің жайлы тақпағым
Өзің жайлы әнім де
Арнадым саған бәрін де.

Ұлжалғас:

Өзің мені өсірген,
Айналайын, ақ әжем
Тентек болса кешірген
Балдай тәтті, бал әжем.

Ойын: «Жанұя шашуы»

Ойынның шарты: Мұнда бала шар түсін таңдайды, ата-ана шарды жарып сұраққа жауап беріп тапсырманы орындайды.

1. Балаңыздың туылған күні.
Қоянның қимылын салу.
2. Балаңыздың сүйікті тамағы?
Балаңыздың сізді шектен шығып тыңдамаған кездегі ашуыңызды көрсетіңіз?
3. Балаңыз қандай өлшемдегі аяқ киімді киеді?
Балаңызды еркелетіңіз.
4. Балабақшаға неше жасында келді?
Таңертеңгі балабақшаға жйнақталуды көрсетіңіз, қандай жылы сөздер айтасыз.

Би: «Көктем»

Елдос
С. Каусар
Ұлжалғас

Дінмұханбет
Ерхан
Қамқор

Ү. Каусар:

Жүзімізге қараңыз,
Бал күлкілі баламыз
Бізге қымбат күн шуақ
Бізге қымбат анамыз.

Әлпештеген баласын
Ана-бақыт, ана күн
Әркім сүйіп өзінің
Мақтан етер анасын.

Көктем ханшасы: Балалар өте өнерлі балалар екенсіңдер. Менде құр қол келген жоқпын, аналар мерекесіне сыйлы тар ала келдім.

Жүргізуші: Балалар көктем ханшасымен бірге аналарымызға арналған сыйлығымызды таратып берейік.

Көктем ханшасы: Қош сау болыңдар.

Жүргізуші: Жарқырап тұр күніміз,
Жайқалсын жас гүліміз
Бақта бұл-бұл сайрасын
Көңіл гүлдей жайнасын -деп тағы да сіздерді көктем мерекесімен құттықтаймыз. көңіл бөліп келгендеріңізге көп рахмет! Сау болыңыздар.



